

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КсАҚ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС отырысының 2023 жылғы 27 қазанындағы ҚАУЛЫСЫ**

1. Стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор А.Т.Кулсариеваның «Университеттің халықаралық рейтингтерге қатысуы: қазіргі жағдайы және одан әрі дамуы» туралы ақпараты тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

- 1.1. Жарияланымдар санын ұлғайту мақсатында ғылыми бағыттар мен ПОҚ әлеуетін анықтау үшін Scopus-та соңғы 5 жылдағы басылым қызметіне талдау жүргізілсін *(жауаптылар - ғылым және инновация жөніндегі проректор, ғылым департаментінің директоры; мерзімі – 20 ақпан, 2024 ж. дейін);*
- 1.2. Scopus-та жарияланымдар санын көбейту және дәйексөздерді ұлғайту мақсатында халықаралық зерттеу желісін және ғылыми ынтымақтастықты кеңейтсін *(жауаптылар - ғылым департаментінің директоры, халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры, институт директорлары; мерзімі - 20 ақпан, 2024 ж. дейін);*
- 1.3. Халықаралық рейтингтердің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылатын ПОҚ пен білім алушылар арақатынасы жетілдірілсін *(жауаптылар - академиялық қызмет жөніндегі проректор, академиялық қызмет жөніндегі департамент директоры; мерзімі - 2024-2025 оқу жылында жүзеге асыру);*
- 1.4. ЖОО жұмысы туралы оң пікір білдіре алатын жұмыс берушілер арасынан сарапшылар пулы жинақталсын *(жауаптылар - академиялық қызмет жөніндегі проректор, оқу ісі жөніндегі департамент директоры; мерзімі –I квартал, 2024 ж.);*
- 1.5. «Academic Writing: The Structure of a Research Paper» ағылшын тілінде академиялық жазу бойынша оқыту тілдік курстарын енгізу арқылы университет оқытушылары мен зерттеушілерінің ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілсін *(жауаптылар - ғылым және инновация жөніндегі проректор, филология институтының директоры; мерзімі - 2024 жылғы 30 маусымға дейін);*
- 1.6. Web of Science және Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми журналдардағы жарияланымдарға қаржылық сыйақы беру арқылы ғылыми қызметті ынталандыру туралы Ереже әзірленсін. Ережеге сәйкес рецензияланатын Web of Science және Scopus журналдарында профессорлық-оқытушылық құрамға рецензияланатын журналдардағы жарияланымдары үшін сыйақы төлеу мүмкіндігі қарастырылсын *(жауаптылар - ғылым және инновациялық жұмыс жөніндегі проректор, экономикалық жоспарлау және талдау басқармасының басшысы, ғылым департаментінің директоры; мерзімі - 2023 жылғы 24 қарашаға дейін);*
- 1.7. Scopus журналында жарияланымдары бар шетелдік оқытушыларды мүмкіндігінше оқу процесіне тартылу жүзеге асырылсын *(жауаптылар - стратегия және интернационалдандыру жөніндегі проректор, институт директорлары; мерзімі - жүйелі түрде);*
- 1.8. Тұрақты дамудың жаһандық трендінің бөлігі ретінде БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары саласындағы зерттеулерге ПОҚ бағдарлау жұмысы жүргізілсін *(жауаптылар – стратегия департаментінің директоры, институт директорлары; мерзімі - жүйелі түрде);*
- 1.9. Цифрландыруға жалпылама көшу аясында заманауи оқыту платформаларын пайдалана отырып, ПОҚ онлайн курстарды даярласын *(жауаптылар - білім беруді цифрландыру департаментінің директоры, институт директорлары; мерзімі - жүйелі түрде);*
- 1.10. Қазақстан мен Орталық Азиядағы педагогикалық білім беру көшбасшысы, педагогикалық ғылыми-методологиялық орталық ретінде Abai University брендінің танымалдылығын арттыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылсын *(жауаптылар - қоғаммен байланыс бөлімі, маркетинг бөлімі; мерзімі - жүйелі түрде);*
- 1.11. Шетелдік академиялық сарапшылар әртараптандырылып, олардың саны арттыру жолдары қарастырылсын *(жауаптылар - институт директорлары, халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры; мерзімі - жыл сайын қараша айында).*

2. Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Бөрібаевтың ҚР ҒЖБМ «ЖОО үздік оқытушысы – 2023» республикалық конкурсының университетішілік I кезеңін өткізу және үміткерлер тізімін бекіту туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

Төмендегі тізім бойынша профессор-оқытушылар «ЖОО үздік оқытушысы – 2023» республикалық конкурсының университетішілік I кезеңіне жіберілсін:

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі	Институты
1	Камалова Гульдина Большевиковна	п.ғ.д., профессор м.а.	Математика, физика және информатика институты
2	Бекенаева Қымбат Сламовна	PhD, аға оқытушы	Математика, физика және информатика институты
3	Искаков Тайыржан Бахытбаевич	PhD, қауымд. профессор	Өнер, мәдениет және спорт институты
4	Оспанкулов Ернар Ерланович	PhD, постдокторант, аға оқытушы	Өнер, мәдениет және спорт институты
5	Абсатова Марфуга Абсатовна	п.ғ.д., профессор	Педагогика және психология институты
6	Жумабаева Жазира Аманжоловна	PhD	Педагогика және психология институты
7	Кариев Адлет Дюсембаевич	п.ғ.к.	Педагогика және психология институты
8	Булшекбаева Асем Исаевна	PhD, қауымд. профессор м.а.	Педагогика және психология институты
9	Жұмағұлов Болат Сағидоллаұлы	т.ғ.к., профессор	Тарих және құқық институты
10	Тайторина Бинур Адамовна	з.ғ.д., профессор	Тарих және құқық институты
11	Жиренов Саян Аманжолұлы	ф.ғ.к., қауымд. профессор	Филология институты
12	Сейдалиева Гулдана Омаровна	PhD, қауымд. профессор м.а.	Филология институты
13	Керімбеков Токтар Сенбекұлы	магистр, аға оқытушы	Филология институты
14	Алиаскаров Думан Токтарович	PhD, аға оқытушы	Жаратылыстану және география институты
15	Сейлхан Айнұр Сейлханқызы	PhD, постдокторант	Жаратылыстану және география институты

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдесіндегі №2 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты», «Магистратура» (2-тарау, 1-параграф) бөлімінің 30-тармағына және «Докторантура» (2-тарау, 2-параграф) бөлімінің 78, 80 тармақтарына сәйкес Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Бөрібаевтың 2023/2024 оқу жылында 2023 ж. 28 тамызындағы №05-04/591, №05-04/592 бұйрықтарымен оқуға қабылданған 1 курс магистранттарының диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін және 1 курс PhD докторанттарының ғылыми кеңесшілерін (отандық, шетелдік) бекіту туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- 3.1 1 курс магистранттарының магистрлік диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін;
3.2 1-курс PhD докторанттарының ғылыми кеңесшілері (отандық және шетелдік) 2- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Академиялық қызметі жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2023/2024 оқу жылына бақылау формаларының пайызын бекіту туралы» туралы ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- | |
|--|
| 4.1 Академиялық қызметі жөніндегі проректор Б.М.Нарбекованың «2023/2024 оқу жылына бақылау формаларының пайызын бекіту туралы» тақырыбындағы ақпараты назарға алынсын. |
| 4.2 2023/2024 оқу жылындағы аралық аттестаттаудағы бақылау түрлері: тестілеу – 30-40%, жазбаша (жобалық) – 35-45%, ауызша (шығармашылық) – 15-35% пайыздық көлемде бекітілсін. |

5. Әртүрлі.

6. Осы қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау академиялық істер жөніндегі проректор Б.М.Нарбековаға жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Б.А.Тілеп

Ж. Битибаева